

«Ақмола облысы білім
басқармасының Ақкөл
ауданы бойынша білім
бөлімінің жанындағы Ақкөл
қаласының №1 бөбекжай» МКҚК

ГККП «Ясли-сад №1
города Акколь при отделе
образования по Аккольскому
району управления образования
Акмолинской области

№1 өндірістік жиналыс хаттамасы

07.09.2023 жыл

Ақкөл қаласы

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы

Төрағасы: Жетпісова Г.М.

Хатшысы: Алпысбаева Ш.Т.

Қатысқаны – 15 педагог

Күн тәртібі:

1.16.05.2023 жылғы №2 өндірістік жиналыс міндеттерінің орындалуы.
Жетпісова Г.М.

2.Бөбекжай қызметкерлерінің міндеттемелерімен таныстыру.
Жетпісова Г.М.

3.Күн тәртібінің орындалуы. Қауіпсіздік техникасының орындалуын
бақылау.
Алпысбаева Ш.Т.

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөбекжай басшысы Жетпісова Г.М. тыңдалды. 16.05.2023 жылғы №2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуына талдау жасады. Өндірістік жиналыс шешімдерін орындау бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Сөз сөйледі: Жарқынбек Г. тәрбиеші, 16.05.2023 жылғы №2 өндірістік жиналыс шешімдері орындалуда деп қабылдауға ұсыныс жасады.

Өндірістік жиналыс төрағасы Жетпісова Г.М. дауысқа салуды ұсынды.

Дауысқа салында: «қолдаушы» - 17
«қарсы» - 0

Шешілді: 16.05.2023 жылғы №2 өндірістік жиналыс шешімдері орындалуда деп қабылдауды ұсыну.

2.Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай басшысы Жетпісова Г.М. тыңдалды. Бөбекжай қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері

таныстырылды. Тәрбиешілердің балаларды қабылдап алып, ата-анаға қайта табыстағанға дейінгі жауапкершіліктері баса айтылды. Тәрбиеші көмекшілерінің тазалықты, кварцтеуді, желдету жұмыстарын дұрыс жауапкершілікпен орындауын талап етті. Күн суытуға байланысты балаларды серуенге ұқыпты киіндіріп шығару керек. Әр қызметкер өзінің лауазымдық міндеттемелерін жете біліп, дұрыс орындауы керек.

Сөз сөйледі: Сайранхан Б. тәрбиеші, бөбекжай қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін жүйелі түрде орындауға ұсыныс жасады.

Өндірістік жиналыс төрағасы Жетпісова Г.М. дауысқа салуды ұсынды.

Дауысқа салында: «қолдаушы» - 17

«қарсы» - 0

Шешілді: Бөбекжай қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін жүйелі түрде орындауын ұсыну.

3.Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша бөбекжай әдіскері Алпысбаева Ш.Т. тыңдалды. Әр жас топ ерекшелігіне сәйкес күн тәртібі бекітілген. Таңертең сегізден бастап балалар қабылданады. Таңғы жаттығуға дейін циклограмма бойынша жұмыс жүргізіледі. Сағат 08.40 барлық жас тобында таңғы жаттығу, уақытында бастап өткізу қажет. Әр педагог апталық циклограммасына сәйкес жұмыстарды жүргізу керек. Серуенге шықпай қалатын топтар бар, күн тәртібін бұзуға болмайды. Топ бөлмесінде, далада балалармен жұмыста қауіпсіздік техникасын сақтау керек.

Сөз сөйледі: Жетпісова Г.М. бөбекжай басшысы, педагог жас топ ерекшелігіне сәйкес күн тәртібін қатаң сақтауы тиіс деп ұсыныс жасады.

Өндірістік жиналыс төрағасы Жетпісова Г.М. дауысқа салуды ұсынды.

Дауысқа салында: «қолдаушы» - 17

«қарсы» - 0

Шешілді: Педагогтердің әр жас топ ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібін қатаң сақтауы тиіс деп ұсыну.

№1 өндірістік кеңестің шешімі:

1.16.05.2023 жылғы №2 өндірістік жиналыс шешімдері орындалуда деп қабылдау.

Орындауға жауаптылар: ұжым

Орындау мерзімі: үнемі

2. Бөбекжай қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін жүйелі түрде орындау.

Орындауға жауаптылар: ұжым
Орындау мерзімі: үнемі

3. Педагогтер әр жас топ ерекшеліктеріне сәйкес күн тәртібін қатаң сақтау.

Орындауға жауаптылар: педагогтер
Орындау мерзімі: үнемі

Төрағасы:



Г.Жетпісова

Хатшысы:



Ш.Алпысбаева